

Атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы И.Құрманов атындағы ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 15 маусымдағы № 6 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына және Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2026 жылғы 2 маусымдағы № 2 қорытындысына сәйкес, И. Құрманов атындағы ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ

1. Қобда ауданы И. Құрманов атындағы ауылдық округі Бегалы ауылындағы атауы жоқ көшелерге "Жұмалы Шарипов", "Мажит Аманшиев" есімдері берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*И. Құрманов атындағы
ауылдық округ әкімі:*

К. Амиргалиев